Ацетилинді оттегілі пісіру арқылы метал қабатын өсіргенде химиялық құрамы бөлшектің негізгі металына сәйкес келетін сымдарды пайдаланады, ал электр доғалық тәсілді қолданғанда сырт қабаты сапалы электродтарды пайдаланады. Кейде сынған тіс орынына оның ұзын бойына тығыз бұрандалы бұрамалар қондырады оларды тіс пішіне келтіріп, егеумен немесе модульді фразамен станокта өңдейді.



3 Сурет – Тісті берілісті жөндеу

Егер де қатар орналасқан бірнеше тістер сынған болса, олардың орынына тісті секция орнатылады. Ол секцияны арнайы жасалған тісті дөңгелектен не

болмаса жөнделетін тісті дөңгелектің өлшемімен параметріне сәйкелетін басқа дөңгелектен кесіп алады.

Осы тәсілмен тісті рейкалар мен тісті секторларды да жөндейді.

Егер тістері тозған дөңгелектер жөндеуге келмейтін болса, оның тозған бөлігі орынына жаңа тісті сақина (венец) орнатады. Ол үшін дөңгелектің тістерін түгелдей жонып тастап, сақина отырғызылатын жерді дайындайды. Алғашқы өңдеуден кейін тісті сақина дөңгелек күпшегіне бұрандалармен не пісіріп бекітіледі.

Фрезерлеу үшін фасонды саусақшалы (пальцевые) және дискілі модульді фрезерлар қолданылады. Саусақшалы фрезалар модулі жоғары тістерді және шевронды дөңгелектер тістерін кесуге қолданылады.

Бұл әдістің артықшылығы: аспаптардың арзандығы, әмбебап жабдықтарды қолдану, шағын модульді және диаметрі де шағын тісті дөңгелектерді өңдеу мүмкіндіктері.

Кемшілігі: төмен өнімділігі, дәлдігінің аса жоғары еместігі. Саусақшалы фрезамен кесу дәлдігінің төмендігі фрезаның консольді бекітілуінде және оны қайрау барысында профилінің өзгеруі мүмкіндігінде.

Модульдік фрезалардың 9 фрезадан және 15 фрезадан құралған комплектілері болады. Мұндай фрезалар комплектімен қандай да болса тісті дөңгелекті қажетті тіс санымен және берліген модульді рейканың тістерін кесіп өңдеуге болады.

15 фрезадан құралған комплектінің 9 фрезадан құралғанына қарағанда дәлдігі өте жоғары болады.

Тісті дөңгелектерді айналдыра (обкатка) өңдеу әр түрлі кесу аспаптарымен: Червякті фрезамен, қашаумен (добляк), тарақшамен (гребенка), кескіштермен атқарылады.

Жөндеу цехтарында негізінен бір кірісті червякті фрезалар қолданылады. Червякті фрезалармен дәлдігі 7-10 дәрежесіндегі дәлдікпен 1-14мм аралығындағы модульді тістерді кесіп жонуға болады.

Жоғары дәрежелі дәлдікті тісті берілістердің эксплуатациялық қасиеттерін жақсарту мақсатында жұмыстарын жүргізу орынды саналады [6].

#### **1.5.4 Жөндеу әдісін таңдау**

Шестерняларды жөндеу ондағы келесі жарамсыздықтарды қалпына келтірумен жүреді: тістің ұзындығы мен қалыңдығы бойынша тозуы, тістің сатылы қажалуы, тістің целентацияланған және шынықтырылағын жұмысшы беттерінің үгітілуі, тістерінің сынуы, шпонка сайының тозуы. Жөндеу тозу шамасы мен сипатын анықтаудан басталады.

Сынған тісі бар шестерняны келесі тәсілдердің біріменен қалпына келтіреді:

- 1 тісті винтте өзгертумен;
- 2 тісті пісірумен;

3 тісті «қарлығаш құйрығы» етіп орнатумен.

Шлицалық бет элементтерін жөндеу жұмысшы елес қырларында балқымақабаттаумен, ескі шлицаларды пісіріп беттеп, жаңа шлица оюмен, және де тісті жайып пісіруменнен жүреді.

Машинаны жөндеудің өндірістік процесі – арнайы жұмыс орындарында белгіленген рет-ретімен атқарылатын жұмыс комплексі.

Машинаны жөндеуге дайындауда басу машиналарының бояу апараттарын, кітапшалау-түптеу жабдықтарының желім апараттарын бояу мен желімнен босатып тазалау керек.

Барлық бекіту бөлшектерін (бұрандалар, сомындар, шпилька, штифтер, т.б.) бөлек жинақтап, өлшеміне қарай классификациялау керек.

Машина тазаланып жуылғаннан кейін оның бөлшектерін тексеріп ақаулау процесін өткізеді. Бұл олардың машинаны жинақтау кезінде қайта пайдалануға болатындарын, жөндеуге жататындарын анықтап, жарамсыздарын бөліп алу үшін қажет.

Полиграфия кәсіпорының жөндеу-механикалық цехы жағдайында бөлшектерді ақаулаудың техникалық шарттары (ТШ) жоқ болса бөлшектің жасаушы зауыттың берген жұмыс сызбасын пайдалануға болады [7].

Бөлшектерді ақаулау жұмыстарын жүргізуде жөндеу кәсіпорындарының тәжірибесін пайдаланып бөлшектерді бес топқа бөліп, олардың әрқайсысын тиісті түспен маркалап, белгілейді:

- жарамдыларын – жасыл;
- жарамды, егер онымен жанасатын бөлшек жаңа немесе номиналды өлшеміне дейін жөнделген болса – сары;
- кәсіпорынның жөндеу-механикалық цехында қалпына келтіруге болатындары – ақ;
- кооперация арқылы басқа кәсіпорындарда жөнделетіндерін – көк;
- жарамсыз, басқа шығарылғандарын – қызыл түспен белгілейді.

Ағымдағы жөндеу барысында, келесі кезекті жөндеуге дейін жабдықты жұмыс қабілеттілік жағдайында ұстауға бағытталған жұмыс көлемі орындалады. Жөндеу жұмысының мазмұны, жеке бөлшектер мен түйіндерді (тез тозатын) қалпына келтіру немесе ауыстырудан, сондай-ақ оларды реттеп келтіруден тұрады. Жөндеудің бұл түрі жабдықтың орнатылған орнында өндірістік цехтардың жөндеу персоналдарының күшімен орындалады.

Орташа жөндеу. Орташа жөндеу процесінде тозған бөлшектері мен түйіндерін жөндеу немесе ауыстырудың көмегімен машинаның (агрегаттың) жұмысқа пайдалану сипаттамалары қалпына келтіріледі.

Мұнда міндетті түрде барлық бөлшектері мен түйіндерінің техникалық жағдайы тексеріліп, анықталған ақауларды қалпына келтіру бойынша іс-шаралар орындалады. Орындалатын жұмыс мазмұны машинаның конструкциясына байланысты және де нақты жабдық үшін техникалық құжаттарға келтіріледі.

Орташа жөндеуді орындау барысында көбінесе орындалатын жалпы жұмыстар мыналар болып табылады:

- шекті тозу шамасы жеткен жеке бөлшектерін ауыстыра отырып, түйіндерді жөндеу;
- жарым-жарты бөлшектей отырып, машинаның барлық механизмдерін тексеру;
- тростарды, шынжырларды, тасымалдау лентасын, фрикциялық жапсырмаларды тексеру және тозған жағдайда оларды ауыстыру;
- тіреуіштерді жуу және тексеру, қызмет ету мерзімі анықталған жағдайда оны ауыстыру;
- редукторларды жуу, ревизия жасау және оын ретке келтіру;
- төсемдерді, тығыздағыштарды, бекіту бөлшектерін тексеру және тозған жағдайда оларды ауыстыру;
- қажет жағдайда жеке бөлшектер мен түйіндерді бояу;
- машинаны құрастыру, жеке түйіндері мен бөлшектерінің бекітілуін тексеру, ретке келтіру және де бос жүрісте, сондай-ақ күш түсіру арқылы тексеру.

Күрделі жөндеу. Жөндеудің бұл түрі кезінде машина толық бөлшектелініп, ақаулары анықталады, және де барлық тозған бөлшектерді ауыстыру жүреді (базалық бөлшегімен қоса). Мұнда барлық жанасатын бөлшектердің өлшем шегі мен отырғызылу шамасы, машинаға берілген техникалық шартпен анықталған мәнге келтіріледі. Сонымен қатар машина жұмысының техника-экономикалық көрсеткіштерін жақсарту мақсатында, оын жаңаландыру (модернизациялау) орындалады.

Күрделі жөндеу келесі жұмыстарды қарастырады:

- құраушы бөлшектерінің барлық өлшемдерін, сондай-ақ өлшем шегі мен отырғызылу шамасы техникалық құжаттармен анықталған мәнге келтіре отырып барлық түйіндер мен бөлшектерін ауыстыру;
- машинаның рамасы мен станинасын өлшеп тексеру, және де іргетасты (фундаментті) жөндеу;
- құбырларды және бөгетті-реттегіш арматураларды ревизия жасау және жөндеу;
- автоматты бақылау және басқару құралдарын игеру және реттеу, ал қажет жағдайда оларды ауыстыру;
- жеке бөліктерін немесе бүкіл машинаны бояу;
- бос жүрісте және күш түсіру тәртібінде байқау, комплексі тексеру және де реттеу.

Күрделі жөндеулер кезінде орындалатын жұмыстарға кәсіпорынның бас механигі басшылық етеді.


### **1.5.5 Механикалық өңдеу әдіптерін есептеу**

Деталь беттерінің дәлдігі мен сапасы оның дайындамасының ақаулы бет қабаттарын бірізділікпен кесіп өңдеу арқылы қамтамасыз етіледі; жонылып тасталатын ақаулы бет қабаттарын машинажасау технологиясында өңдеу әдібі



деп атайды. Көп жағдайларда деталдың дайындамасын кесіп өндеуде, олардың 50 процентіне жуық массасы жаңқаға айналады. Автомобиль және трактор шығаратын зауыттарда құйма дайындамаларды өндеуде – 30 процентке дейінгі мөлшері жаңқа шығыны болады. Тым ұлғайтылған әдіптер дайындамалардың қосымша өндеу операцияларын көбейтеді; деталдың еңбек сыйымдылығын арттырады; кескіш аспаптардың тозуын үдетеді; деталды жасаудың өзіндік құны қымбаттайды.

Бұйымның ең жоғары сапасын ең аз өзіндік құнмен қамтамасыз ететін әдіпті тиімді әдіп деп атауға болады. Дайындаманың бетінен деталдың бетіне дейінгі алынған ақаулы қабаттың қалыңдығын жалпы әдіп деп атайды; оның мәні дайындаманың өлшемі мен детал өлшемінің айырмасына тең. Егер өңделетін сыртқы және ішкі цилиндрлік (және конустық) айналмалы беттердің немесе қарама-қарсы жатқан жазық беттердің әдіптері бірдей болса, онда бұл әдіптерді симметриялы әдіптер дейді. Симметриялы әдіп 4 а және в суретте көрсетілген. Егер қарама-қарсы жатқан беттерді біріне-бірін байланыссыз әр түрлі мәнді әдіптермен өндесек, онда асимметриялы әдіптермен істес боламыз. Асимметриялы әдіп 4 г суретте көрсетілген.



**4 Сурет – Кесіп өндеу әдіптерінің схемасы**

Көрсетілген 4 а, в – суреттерге сәйкес мына формулаларды (3) және (4) жазуға болады:

$$2 Z_e = d_1 - d_2; 2 Z_i = d_2 - d_1; 2 Z = l_1 - l_2 \quad (3)$$

Асимметриялы әдіптер үшін 4 г суретте көрсетілген.

$$Z_1 = l_1 - l_2; Z_2 = l_2 - l_3 \quad (4)$$

мұндағы  $2 Z_e, 2 Z_i, 2 Z, Z_1, Z_2$  – өндеу технологиялық әрекеттерінің әдіптері;  
 $d_1, l_1$  – алдыңғы көршілес әрекетте алынған өлшемдер;

$d_2, l_2$  – тікелей өтпе әрекетте алынатын өлшемдер.

Кесу өңдеуіне кететін жалпы әдіптің мәнін барлық технологиялық әрекеттерге кететін әдіптердің қосындысымен табамыз (5):

$$Z_{\text{жс}} = \sum_{i=1}^m Z_i \quad (5)$$

мұндағы  $n$  – технологиялық әрекеттердің саны.

Әдіпке дәлдік шек беріледі. Технологиялық процесті құрудағы маңызды шаралардың бірі әрекетаралық (операциялық) өлшемдерге дәлдік шектер тағайындау.

Аз дәлдік шек кесіп өңдеуді қымбаттатып және кейбір жағдайда ақау шығаруы мүмкін. Көп дәлдік шек станокты келтіріп даярлауды күрделендіріп, өңдеу беттері өлшемдерінің ауытқуын шашыратып жіберуі мүмкін.

Әдіпті анықтаудың екі тәсілі бар: тәжірибелі-статистикалық және есепті-аналитикалық.

Өңдеудің мына жоспарын тандаймыз:

010Ажарлау операциясы келесідей жолдармен орындалады:

- 1) таза ажарлау;
- 2) жұқа ажарлау .

Дайындаманы мына дәлдік класы бойынша өңдейміз:

- 1) қаралтым жонуда –  $h14_{(-0,620)}$ , дәлдік шегі 620 мкм;
- 2) тазалай жонуда –  $h11_{(-0,160)}$ , дәлдік шегі 160 мкм;
- 3) таза ажарлауда –  $h8_{(-0,039)}$ , дәлдік шегі 39 мкм;
- 4) жұқа ажарлауда –  $h6_{(-0,016)}$ , дәлдік шегі 16 мкм.

Әдіпті есептеу формуласындағы мүшелердің мәні технологиялық мәлеметтерде кестелер түрінде беріледі; олардың мәндері өңделетін дайындаманың пішіні мен өлшеміне, материалына, дайындама алу тәсіліне, кейінгі механикалық өңдеуіне, сондай-ақ дайындаманы қондырғыға немесе станокқа орнату тәсіліне байланысты. Мәлімет материалдары деталдардың кластары, өңделетін материалдарына және өңдеу тәсіліне байланысты келтірілген; бұл мәліметтер машинажасау салаларының технологиялық ерекшеліктеріне байланысты құрылған [8].

### 1.5.6 Бөлшек дайындамасының түрін анықтау

Дайындаманың бірнеше түрі болуы мүмкін. Машинажасауда кеңінен таралған түрі: штамповка, соғылма, прокат. Штамповка, соғылма мынандай алдын-ала өңдеу операцияларынан тұруы мүмкін:

- дайындаманың екі шет жағын фрезерлеу;
- дайындаманың екі шет жағынан центрлік тесік тесу;

- дайындаманың сыртқы бетін алдын – ала өңдеу;
- дайындаманың тесіктерін алдын – ала іштей өңдеу.

Прокаттың түрі мынандай болуы мүмкін:

- дөңгелек;
- квадрат (төрткіл);
- труба (құбыр);
- алтықырлы (шестигранник) және т.б.

Прокатты алдын – ала өңдеу мына операциялардан тұрады: түзету, центрсіз сыдыру, бөліп кесу, центрлеу (екі шет жағынан центрлік тесіктер тесу) және бақылау. Материалдың химиялық құрамы 1-кестеде көрсетілген.

### 1 Кесте – Материалдың химиялық құрамы

| Материал | C, %       | Cr, %     | Mn, %     | Si,%        | Ni,%     | Cr,% | P,%   | S,%   |
|----------|------------|-----------|-----------|-------------|----------|------|-------|-------|
| 40X      | 0,35..0,75 | 0,5...0,8 | 0,5...0,8 | 0,17...0,37 | 0,7..1,0 | <0,3 | <0,04 | <0,04 |

Материалдың физика –химиялық қасиеттері 2-кестеде көрсетілген.

### 2 Кесте – Материалдың физика –химиялық қасиеттері

| Материал | Аққыштық шегі $\sigma_T$ , МПа | Созуға беріктігі $\sigma_B$ , МПа | Салыстырмалы ұзаруы $a_5$ , % | Соққылы тұтқырлығы $a_n$ , $кДж/м^2$ | Меншіктігі салмағы $\gamma$ , $г/см^3$ |
|----------|--------------------------------|-----------------------------------|-------------------------------|--------------------------------------|----------------------------------------|
| 40X      | 786                            | 980                               | 10                            | 587                                  | 7,85                                   |

Біліктің мойынтіректері екі жағында орналасқан. Олардың диаметрлері  $d_1$ ,  $d_2$  дәлдік шектері  $h_6$ ; кедір-бұдырлығы  $Ra 1,25$ .

Білік диаметрлері мен ұзындықтары:

$$\begin{aligned} d_1 &= 30 \text{ мм} = 3 \text{ см}, & l_1 &= 50 \text{ мм} = 5 \text{ см}, \\ d_2 &= 50 \text{ мм} = 5 \text{ см}, & l_2 &= 120 \text{ мм} = 12 \text{ см}, \\ d_3 &= 25 \text{ мм} = 2,5 \text{ см}, & l_3 &= 40 \text{ мм} = 4 \text{ см}. \end{aligned}$$

Білік салмағы  $P_6 = \gamma V_6 = 7,85 \cdot 290 = 2280 \text{ г}$  немесе  $2,28 \text{ кг}$ ;  
мұндағы,  $\gamma$  – меншікті салмағы:  $7,85 \text{ г/см}^3$   $V_6$  – білік көлемі,  $\text{см}^3$ .

Білік көлемін мына формула (10) көмегімен табамыз:

$$V = \frac{\pi}{4} \sum_{i=1}^n d_i^2 \cdot l_i = 3,14/4(3^2 \times 5 + 5^2 \times 12 + 2,5^2 \times 4) = 290 \text{ см}^3 \quad (10)$$

Білік үшін дайындама түрі ретінде прокатты таңдаймыз.

Дайындама диаметрі  $d_d = d_2 = 2Z_2 = 50 + 2 \times 3,5 = 57 \text{ мм} = 5,7 \text{ см}$

мұндағы  $Z_2$  – сыртқы диаметрінің бір жағының әдібі. Машинажасауда кеңінен таралған түрі: штамповка, соғылма, прокат. Олардың диаметрлері  $d_1$ ,  $d_2$  дәлдік шектері.

Дайындама ұзындығы формуламен (11) есептейміз:

$$L_d = l_1 + l_2 + l_3 + 2Z_1 \quad (11)$$

$$L_d = 50 + 120 + 40 + 2 \times 4,5 = 219 \text{ мм} = 21,9 \text{ см};$$

мұндағы  $Z_1$  – шет жағының әдібі.

Дайындама салмағы есептеу (12):

$$P_d = \gamma V_d \quad (12)$$

$$P_d = 7,85 \times 558,6 = 4385 \text{ г немесе } 4,385 \text{ кг}$$

мұндағы  $V_d$  – дайындама көлемі,  $\text{см}^3$ .

Дайындама көлемін мына формула (13) көмегімен табамыз:

$$V_d = \frac{\pi}{4} d_d^2 \cdot L_d \quad (13)$$

$$V_d = (3,14/4) \times 5,7^2 \times 21,9 = 558,6 \text{ см}^3.$$

Материалды пайдалану коэффициентін мына формула (14) арқылы табамыз:

$$K_m = P_6 / P_d \quad (14)$$

$$K_m = 2,28 / 4,385 = 0,52 > 0,5.$$

Материалды пайдалану коэффициенті дайындама түріне байланысты. Дайындама прокат болғанда –  $K_m \geq 0,5$ ; соғылма болғанда –  $K_m \geq 0,75$ ; құйма болғанда  $K_m \geq 0,85$

Егер материалды пайдалану коэффициенті шекті шамадан кіші болса, онда дайындаманың басқа түрін алу керек.

Прокат үшін  $K_m \geq 0,5$  болғандықтан, берілген білікті өңдеуге прокатты таңдап аламыз. Сериялық өндіріс жағдайында дайындама алудың кейбір әдістері үшін материалды пайдалану коэффициенттерінің шамамен алған мәндері 3-кестеде көрсетілген.

### 1.5.7 Бөлшек дайындамасын алу технологиясы

Ұнтақ металлургия әдісімен бұйымдар алу өндірісінің технологиялық процесі келесі негізгі операциялардан тұрады. Біріншіден, металл ұнтақтар немесе ұнтақ қоспаларын алу, дайындық операциялары. Қалыптау жомдау, прокаттау, сығымдау. Жымдастыру және соңғы өңдеу, яғни термоөңдеу, тығыздағыш қысу, калибрлеу және т.б.

Қоспа дайындау процесі ұнтақтарды бөлшектер өлшемдері бойынша кластарға бөлу, араластыру және алдын ала өңдеуден тұрады.

Бөлшектерінің өлшемдері 50 мкм және одан жоғары ұнтақтарды елеуіштерде елеп топтарға бөледі, ал неғұрлым ұсақтарына ауа сепарациясын жүргізеді. Металл ұнтақтарға әр түрлі тағайындалған технологиялық қоспалар енгізеді: жомдау процесін жеңілдететін және жоғары сапалы дайындамалар алуға ықпал ететін пластификаторлар (парафин, стеарин, олейн қышқылы т.б.); жымдастыру процесін арттыратын жеңіл балқитын қоспалар және қажетті кеуектілікті бұйымдар алу үшін әр түрлі ұшып кететін заттар. Аққыштықты арттыру үшін кейде ұнтақты алдын ала түйіршіктейді. Дайындалған ұнтақтарды шарлы, барабанды, диірмендер және басқа да араластырғыш құрылғыларда араластырады.

Алдын ала механикалық және термиялық өңдеуді (мысалы, күйдіру) ұнтақтардың технологиялық қасиеттерін арттыру үшін қолданады.

Дайындамалардың қалып түзуі. Металл ұнтақтардан дайындамалар мен бұйымдардың қалыптарын жомдаумен (суықтай, ыстықтай, гидростатикалық) және прокаттаумен қалыптастырады. Суықтау жомдау. Пресс-қалыпқа 2 дайындалған ұнтақтың 3 белгілі мөлшерін салады да пуассонмен жомдайды. Жомдау процесінде бөлшектер араларындағы түйісу артады, кеуектілік төмендейді, бөлек бөлшектер деформацияланады немесе қирайды. Алынған дайындама беріктігі ұнтақ бөлшектерінің механикалық ілінісу күштерімен, тарту және үйкелістің электростатикалық күштерімен қамтамасыз етіледі. Жомдау қысымының артуымен беріктік артады. Пресс-қалып қабырғасымен ұнтақтың үйкеліс күштерінің әсерінен қысым жомданатын дайындама биіктігі бойынша біркелкі болмайды. Осының салдарынан алынатын дайындамалардың беріктігі және биіктігі бойынша кеуектілігі әр түрлі болады. Ауқымдық өлшемдеріне және жомданатын дайындамалардың күрделілігіне байланысты бір және екіжақты жомдауды қолданады.

Ыстықтай жомдау. Бұл жомдауда дайын бұйымды алу үшін дайындамадан қалып жасау сияқты технологиялық процесс қолданылады. Ыстықтай жомдау арқылы қатты бұйымдардан және арнайы ыстыққа төзімді материалдардан бұйым жасайды. Дайындалған бұйым материалдары жоғары беріктігімен, тығыздығымен және біртектілігімен ерекшеленеді. Ыстықтай жомдауда графитті пресс-қалып қолданылады. Ұнтақтың жоғары температурасы қажетті қысымды едәуір азайтады. Ыстықтай жомдаудың біршама кемшіліктері де бар: өнімділік төмен, пресс-қалыптар тұрақтылығы төмен (4-7 жомдау), аталған

тәсілдің қолданылуы процестерді қорғаныс газдары ортасында жүргізу қажет етуі.

Гидростатикалық престоу. Бұл престоуді дәлдігі бойынша жоғары талаптар қойылатын металды қышсаздық дайындамаларды алу үшін қолданады. Процестің мәні – созылғыш резеңкелі немесе металл қабықшаға 2, салынған ұнтақ 3, оқшауландырылған камераларда 1 бірқалыпты және жантақты қапсыруға алып келумен шектеледі.

Прокаттау. Бұл әдіс – металды қышсаздық материалдарды қайта өңдеудің аса өнімді және перспективалы тәсілдердің бірі. Ұнтақ бункерден біліктер арасындағы саңылауға үзіліссіз түсіп отырады. Біліктердің айналу кезінде белгілі қалыңдықпен берілген таспаға немесе жолаққа ұнтақты қаусыру және тарту орындалады. Прокаттау процесі алынған дайындамаларды біріктіру және соңғы өңдеумен қатар қолданылуы мүмкін. Бұл жағдайда да таспа жомдауға арналған пеш арқылы өтеді, одан соң оның берілген қалыңдығын қамтамасыз ететін прокаттауға түседі.

Прокаттаумен әр түрлі металды қышсаздық материалдардан (кеуекті, қиын балқитын, фрикционды және т.б.) таспаларды алады. Қалқанды бункерлерді қолдану есебінен әр түрлі материалдардан (екі қабатты) таспаларды дайындайды [9].

### **1.5.8 Бөлшекті механикалық өңдеуінің маршруттық картасы**

Маршруттық картада алдын-ала қабылданған рет бойынша бөлшектің жөндеу немесе қайта жасау операциялары, оларды атқаруға арналған технологиялық жабдықтар (метал жұмыс станоктары), айлабұйымдар, қосымша жабдықтар, аспаптар көрсетіледі. Технологиялық операцияларды рет-ретімен тағайында ұсынылуы; бөлшектің базалық беттерін анықтау, базалық беттерді қорғау немесе қалпына келтіру; алғашқы механикалық өңдеу, бір жол механикалық өңдеп жөндеу.

Тісті дөңгелек екі сатылы редукторлы бөлшекті болады. Тісті дөңгелекті конструкторлы базасы ретінде ортасын тесік немесе сол жағы алынады.

Соларға қатысты номиналь өлшемдер, шекті ауытқулар және орналасуды дәлдік шектері қойылған. Бөлшектік барлық элементтеріне стандартты дәлдік шектер белгіленген.

Редукторды пайдалану жағдайы:

+10...+45°C аралығында. Бөлшек материалы – 40Х болаты кесу арқылы жақсы өңделеді. Бөлшек конструкциясы технологиялық барлық талаптарына жауап береді. Өндіріс: типтік жеке дара өндіріс.

Тісті дөңгелекті дайындамаса – штамповка. Термиялық өңдеу: кесу арқылы өңдеуді жақсарту үшін штамповканы жасаңдатады. Соларға қатысты номиналь өлшемдер, шекті ауытқулар және орналасуды дәлдік шектері қойылған. Бөлшектік барлық элементтеріне стандартты дәлдік шектер белгіленген.

Кесу арқылы өңдеуден кейін тістерді шынықтарып босандатады. Беттерді соңғы өңдеуде алынатын сапа көрсеткіштері 4-кестеде көрсетілген.

Өңдеу процесі барысында бөлшектің дайындамасы метал жону станогінде белгілі бір жайда орнатылып, өңдеу уақыты бірнеше станоктың бөліктері не болмаса орнату құрылғысына қатысты өз жайын сақтауы керек. Дайындаманың беті, осі, нүктесі базалау үшін пайдаланылады да база деп аталады (21495-76 «базарование и базы в машиностроение» ГОСТ-ын қара). Мынадай базалар болады:

- бөлшек дайындамасын үштеркіндік дәрежесін (степень свободы) айыратын орнату базасы;
- бөлшек дайындамасын екі еркіндік дәрежесін айыратын бағыттау базасы. Бағыттау базасы ретінде дайындаманың бір бетін немесе координатты беттердің ең ұзақтысын таңдайды;
- бөлшек дайындамасын бір еркіндік дәрежесін айыратын тірек базасы (опорная база).

Бөлшек базасының беттері мен тірек нүктелер арасындағы жанасуды қамтамасыз ету үшін қысым керек. Біліктердің айналу кезінде белгілі қалыңдықпен берілген таспаға немесе жолаққа ұнтақты қаусыру және тарту орындалады. Прокаттау процесі алынған дайындамаларды біріктіру және соңғы өңдеумен қатар қолданылуы мүмкін. Бұл жағдайда да таспа жомдауға арналған пеш арқылы өтеді, одан соң оның берілген қалыңдығын қамтамасыз ететін прокаттауға түседі. Технологиялық операцияларды рет-ретімен тағайында ұсынылуы; бөлшектің базалық беттерін анықтау, базалық беттерді қорғау немесе қалпына келтіру; алғашқы механикалық өңдеу, бір жол механикалық өңдеп жөнджеу [10].

Дайындаманы базалауға қолайлы жайының тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін күш не жұп күшін қолдану – бекіту деп аталады. Дайындаманы базалау және оны метал жону станогына не айлабұйымға қатысты бекіту процесін – орнату деп атайды.

### **1.5.9 Механикалық өңдеу кезіндегі кесу режимін есептеу**

Кесу режимі деталды өңдеу дәлдігіне, сапасына, өнімділігіне және өзіндік құнына зор әсер етеді, оларды есептеу немесе белгілеу үшін керекті негізгі мағлұматтар:

- берілген операциядағы дайындаманы станокқа немесе қондырғыға орнатудың теориялық схемасы;
- өңделетін дайындама материалының физикалық және механикалық қасиеттері (беріктілігі, каттылығы);
- кескіш аспап материалының физикалық және механикалық қасиеттері;
- кескіш аспаптың өңдеу уақыт мерзіміне тұрақтылығы;
- кескіш аспаптың өлшемдері мен геометриялық бұрыш параметрлері;
- дайындаманың өңделетін бетінің өлшемдері;

- өңдеу жағдайлары (базалау, қысу, суытқыш және майлау сұйықтықтарын пайдалану, дайындаманың серпімді қатаңдықтары және т.б.);

- кесу тереңдігі (әдіптерін есептеу арқылы шығады).

Бастапқы мағлұматтарды пайдаланып, кесу режимін есептеу немесе белгілеу керек. Ең алдымен өңдеу берісін. одаан кейін өңдеу жылдамдығын, кесу күштерін, қуатын, станоктың моделін, уақытты анықтайды.

Кескіш құрал – сайманды таңдау керек; нормативтер кестелерін пайдалана отырып, кесу режимін тағайындау керек; машиналық уақытты анықтау керек.

Кескіш құрал сайманды таңдау керек. Нормативтер карталарын пайдалана отырып, кесу режимкесу режимін тағайындау керек. Машиналық уақытын анықтау керек. Модульдік фрезаны таңдаймыз. Оның диаметрі  $D_{\text{Фр}} = 90$  мм: ені  $B_{\text{Ф}} = 100$  мм,  $z = 8$ , P18. Кесу режимін тағайындаймыз. Кесу тереңдігі  $t = h = 3$  мм. Фреза тісіне берісті тағайындаймыз, ол

$$S_z = 0,2 (0,12 \dots 0,2) \text{ мм/тіс}$$

Фрезаның тұрақтылық уақытыу тағайындаймыз  $T = 180$  мин. Фреза тістерінің рауалы тозуы  $h = 0,6$  мм.

Кесу жылдамдығын анықтаймыз  $v_k = 37$  м/мин.

Нақты кесу жылдамдығы есептеу (15):

$$v_n = \frac{\pi D n_n}{1000} = \frac{3,14 \cdot 90 \cdot 100}{1000} = 28,3 \text{ м / мин} \quad (15)$$

Машиналық уақыт есептеу (16):

$$T_m = L/S_m = 319/160 = 1,98 \text{ мин} \quad (16)$$

мұндағы  $L = \ell + y + \Delta = 300 + 16 + 3 = 319$  мм. Цилиндрлік фрезерлерде фрезаның енуі  $y = \sqrt{t(D-t)} = \sqrt{3(90-3)} = 16$  мм.

Фрезаның кескіп өтуі  $\Delta = 3$  (1-5) мм.

### 1.5.10 Механикалық өңдеуінің уақыт нормаларын есептеу

Технологиялық процесті нормалауды параграф бойынша жүргізеді. Технологиялық карталарға операцияның даналық және даярлау–қорыту уақытын кіргізеді. Неше түрлі операциялар құру схемаларына керекті уақытты, формулаларын пайдаланып, есептеу немесе мәлімет кітаптарындағы мағлұматтарды пайдаланған абзал.

Технологиялық процестегі нұсқауларда қауіпсіздік техникасына және өндірістік тазалыққа қойылатын талаптар келтіріледі; бұл нұсқауларда жұмыс зонасындағы мүмкін болатын шу мөлшері, діріл және ауаның түтінмен ластану нормалары беріледі.



Кұрастыру операцияларын жобалауда олардың бұрынғы жорамал мазмұндарын нақтылап, технологиялық әрекеттерінің бір мезгілде жүру мүмкіндіктерін қарастырады; бұйымның базалық деталын орнату және бекіту схемасын, құрал–саймандарды, аспаптарды және қондырғыларды тандайды; операцияға керекті уақыт нормасын және жұмыс разрядын анықтайды.

Дайындамаларды жону кезіндегі кесу жылдамдығы (17):

$$v_T = \frac{C_v}{T^m S^{y_v} t^{x_v}} \quad (17)$$

мұндағы  $C_v$  – өңдеу жағдайына, дайындама мен кескіш аспап материалдарына байланысты алынатын коэффициент;

$m, y_v, x_v$  – дайындама мен кескіш аспап материалдарына байланысты дәреже көрсеткіштері;

$T$  – біркескішті өңдеудегі аспаптың уақыт тұрақтылығы,

$S$  – беріс;

$t$  – кесу тереңдігі.

Тесуде мына формуламен есептеледі (18):

$$v_T = \frac{C_v D^n}{T^m S_{y_v}} \quad (18)$$

мұндағы  $D$  – тескіш аспаптың диаметрі;

$n$  – дайындама мен тескіштің материалына байланысты дәреже көрсеткіші.

Фрезерлеуде мына формуламен есептеледі (19):

$$v_T = \frac{C_v D^n}{T^m S_z^{y_p} B^n t^{x_v} Z^c}, \quad (19)$$

мұндағы,  $D$  – фрезаның диаметрі;

$S_z$  – фрезаның бір тісіне түсетін беріс, мм;

$B$  – фрезерлейтін беттің ені;

$Z$  – фреза тістерінің саны;  $n, m, ;$

$C$  – дәреже көрсеткіштері;

$v_T$  – әрбір технологиялық операциядағы кесу жылдамдығының теориялық мәні. Кесу жылдамдығының нақты мәнін түзету коэффициенттеріне көбейту арқылы анықтаймыз.

Болат дайындамалар үшін мына формуламен есептеледі (20):

$$K_{mv} = K_z \left( \frac{750}{\sigma_B} \right)^{nv} \quad (20)$$

Сұрғылт шойындар үшін мына формуламен есептеледі (21):

$$K_{mv} = \left(\frac{190}{HB}\right)^{nv} \quad (21)$$

Соғылмалы шойын үшін мына формуламен есептеледі (22):

$$K_{mv} = \left(\frac{150}{HB_0}\right)^{nv} \quad (22)$$

мұндағы HB – материалдың физикалық параметрлері (беріктік, қаттылық),  
K<sub>г</sub> – өңдеуге көңіштігіне қарай сипатталатын болаттар тобын  
ақиқаттайтын коэффициент.

Көпаспапты өңдеудегі кескіш аспаптардың уақыт тұрақтылығы (23)  
есептеледі:

$$T_{к.а} = TK_{ти} \quad (23)$$

Көп станоктармен қызмет көрсету мына формулада көрсетілген (24):

$$T_{к.с} = TK_{тс} \quad (24)$$

мұндағы T – лимитті аспаптың уақыт тұрақтылығы;

K<sub>ти</sub> – көпаспапты өңдеудегі аспаптардың уақыт тұрақтылығының  
периодты өзгерістерін ақиқаттайтын коэффициент;

K<sub>тс</sub> – көп станоктармен қызмет көрсетудегі аспаптардың уақыт  
тұрақтылығының периодты өзгерістерін ақиқаттайтын коэффициент [11].

## 1.6 Механизмді құрастыру технологиясы

Құрастыру операциясының өнімділігін көтерудің негізгі шаралары – өңдеп  
қиюластыру жұмыстарының көлемін азайту, құрастырудың технологиялық,  
процестерін ұтымды құру, оларды механикаландыру және автоматтандыру.  
Өңдеп қиюластыруды азайту үшін деталдарды өте дәл жасау қажет. Жаппай–мол  
өндірісте көпаспапты, көпорынды схемаларды пайдаланған жөн.

Өндірісті автоматтандырудың маңызды бір шарттары деталдардың  
қосылыстарын бірыңғайландыру және қалыптастыру, осы тұрғыда типті  
технологиялық құрастыру процестерін ұтымды қолдану.

Құрастыру кезіндегі ең маңызды операция – техникалық бақылау.

Біржолата қабылдауда жиналған бұйымды түгел тексереді. Аралық бақылау (жаппай және ішінара) өте күрделі құрастыру операцияларын өткізгеннен кейін жүргізіледі.

Құрастыру процестерінің варианттарын абсолют көрсеткіштерімен бағалайды: әртүрлі құрастыру операцияларының еңбексыйымдылығы мен өзіндік құнын есептеу және бұларды құрастырудың барлық технологиялық процесі үшін де анықтайды.

Салыстырмалы қосалқы көрсеткіштер ретінде құрастыру жұмыс орнының жүктелу коэффициентін, құрастыру желісінің жүктелу коэффициентін есептейді: құрастыру процесінің еңбексыйымдылығы коэффициентін анықтайды ( $\varphi_k$ ) (25):

$$\varphi_k = \frac{T_k}{T_{дет}}, \quad (25)$$

мұндағы  $T_k$  – құрастыру процесінің еңбексыйымдылығы;

$T_{дет}$  – бұйымның барлық деталдарының еңбексыйымдылығы.

Бұл коэффициент бұйымды өндірудің барлық процесін сипаттайды.

Мәні неғұрлым аз болса, бұйымның деталдары соғұрлым үйлесімді жасалып, конструкциясы жетік болғаны;  $\varphi_B = 0,1 - 0,4 < p$ .

Құрастырудың технологиялық схемалары 5 суретте көрсетілген. . Өңдеп қиюластыруды азайту үшін деталдарды өте дәл жасау қажет. Құрастыру кезіндегі ең маңызды операция – техникалық бақылау.

Өндірістік кооперациялау процестерінің дамуымен бұл коэффициенттің мәні түсіп қалады; сондықтан мұның орнына құрастырудың өзіндік құн коэффициентін анықтайды (26):

$$\varphi_c = \frac{C_k}{C_{бұй}}, \quad (26)$$

мұндағы  $C_k$  – құрастыру процесінің өзіндік құны;

$C_{бұй}$  – бұйымның жалпы өзіндік құны.

## 2 Еңбекті қорғау

Дипломдық жұмыстың бұл бөлімі ҚР заңдары сүйеніп жасалған. Нақтылайтын болса:

а) ҚР Еңбек кодексі 2015 жыл 27 сәуір № 311-V;  
ә) Техникалық реттеу туралы ҚР Заңы 2015 жыл 29 қазан № 376-V;  
б) Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі «Азаматтық қорғау туралы» № 188-V Заңы (10.01.2015) берілген өзгерістер мен толықтырулармен) (бұдан әрі – Заң) халықты, аумақтар мен шаруашылық жүргізу объектілерінің сенімді қорғанысын қамтамасыз етудің заңнамалық базасы болып табылады. Заңда азаматтық қорғаныстың мынадай анықтамасы беріледі: «...азаматтық қорғаныс – Қазақстан Республикасының халқы мен аумағын қазіргі заманғы зақымдаушы құралдардың зақымдау (қирату) факторларының әсерінен, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғау жөнінде бейбіт уақытта және соғыс уақытында жүргізілетін жалпымемлекеттік іс-шаралар кешенін іске асыруға арналған азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің құрамдас бөлігі» (1-баптың 6) тармақшасы.

Механикалық-құрастыру цехында көбінесе пісіру жұмыстары істелінеді. Өз үлкен тәжірибелік мәнін доғалық пісіру мен контактілі пісіру әдістері алады. Қолмен және жартылай автоматты пісіру әдістерін қолданғанда жұмысшылар көбінесе статикалық ауырлығын қолдарында және иық аймағында сезеді. Металл кесу мен плазмалық пісіру процесстері шудың әсерін тудырады. Шудың деңгейі 100 дБА дейін жетуі мүмкін. Контактілі пісіру машиналары өндірістік жиілігінің және шудың магнитті өрісі болып табылады.

Өндірістегі қауіпті факторлар: құрал-жабдықтың ток өткізгіш бөлігі изоляциялау бұзылғаннан кейін аса жоғары кернеуде болуы; қорғаныс қаптамасы және механизмдердің есіктері жұмыс уақытында жабылмауы, бекітілген жүктің массасы шектен тыс болуы; тозған жүк ұстағыш тетіктерді пайдаланғанда болуы мүмкін. Сонымен қатар өндірістегі қатты шу еңбек өнімділігін едәуір төмендетеді және сәтсіз оқиғаның себепшісі болуы мүмкін. Механикалық-құрастыру цехында Брюль & Кьер фирмасының импульсті шу 2209 № 659059 және діріл өлшегішімен ВД-1 № Ш-60 шу мен дірілді өлшегенде, келесі мәліметтер алынды:

Жоңғылау , жону, бұрғылау станоктары жұмыс уақытында дыбыстың деңгейі 2-ден 5 дБА дейін жоғары,мәселен 80 дБА нормасымен 82,83,84 дБА анықталынды; жүктеменің шектен тыс болуының көрсеткіші 1,6-дан 3,2 дБа дейін. Қалған жұмыс орындарында МЕСТ 12.2 орнатқан шу деңгейінің шектері өз нормасынан жоғары болған жоқ. Жеке қорғаныс құралдарының акустикалық сипаттамасы: құлақ жапқыштар, өндірістік шудың деңгейін 1,5-2 есе төмендетеді. Егер есту мүшелерін қорғайтын құралдар қолданылса, онда ол толықтай МЕСТ 12.1.050-86 жауап береді.Механикалық-құрастыру цехында жарықтандыру құрал-жабдықтармен жабдықтау түнгі уақытта жұмыс істеуге мүмкіндік беріп, толықтай қауіпсіздік техникасына жауап береді.

Газдану өлшеулер келесі ШК көрсетеді:  
көміртегі қышқылы – 5-10 мг/м<sup>3</sup>;  
мырыш қышқылы – 0,03-0,08 мг/м<sup>3</sup>;  
азоттың қышқылы – 0,5-3 мг/м<sup>3</sup>.

## **2.1 Машинада жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік шаралары**

Жұмысшыларға әсер ететін қауіпті өндірістік факторлардың алдын алатын техникалық қауіпсіздік шаралары қарастырылған: қауіпсіз жабдықтарды жасау және енгізу, технологиялық процестерді түгелдей механикаландыру және автоматтандыру, сақтандыру құралдары мен техникаларын қолдану, автоматтандырылған блокировкалар, жабдықтарды басқару құрылғыларының дұрыстығы, автоматтандырылған реттеу жүйесін, технологиялық процесстерді басқару және бақылау, жаңа қауіпсіз және зиянсыз технологиялық процестерді жасау және енгізу.

Машиналар мен механизмдерінің қауіпті аймақтарының өлшемдерін анықтау:

- кеулей жону станогі WNB 150 үшін станоктардың арасындағы түзу бойынша орналасуы 700 мм, станоктың алдыңғы (фронтальді) жағы мен қабырғаның (жұмысшы қарама-қарсы тұрған жұмысшыға алдыңғы жағымен тұрады) 700 мм, станоктың бүйір жағы мен колоннаның арасы 700 мм, жұмысшы станоктан 500 мм ара қашықтығында тұрады;

- фрезерлеу станогі 6M612MФ4 үшін станоктардың арасындағы түзу бойынша орналасуы 700 мм, станоктың алдыңғы (фронтальді) жағы мен қабырғаның (жұмысшы қарама-қарсы тұрған жұмысшыға алдыңғы жағымен тұрады) 700 мм, станоктың бүйір жағы мен колоннаның арасы 700 мм, жұмысшы станоктан 500 мм ара қашықтығында тұрады;

- бұрғылау станогі 2A576 үшін станоктардың арасындағы түзу бойынша орналасуы 700 мм, станоктың алдыңғы (фронтальді) жағы мен қабырғаның (жұмысшы қарама-қарсы тұрған жұмысшыға алдыңғы жағымен тұрады) 700 мм, станоктың бүйір жағы мен колоннаның арасы 700 мм, жұмысшы станоктан 500 мм ара қашықтығында тұрады.

Қорғаныс жерлену электр қондырғысының металлалық бөлімімен жер немесе жерге балама арасындағы әдейі жасалған электрлік байланыста айтады.

Нөлдеу электр қондырғысының металлалық бөлімімен қоректі көздің жерленген нүктесі арасында қорғаныс нөлдік өткізгіш арқылы электр байланысы айтылады.

Қорғаныс жерлену мен нөлдеуге электр қондырғыларының ток жүргізбейтін металлалық бөлімдерінің басқа түрлі қорғаныс әдісі болмаған жағдайда қамтылу керек.

Электр қондырғыларының қорғаныс жерлену мен нөлдеуін келесі шарттарға сәйкес орындау керек:

- айналмалы токтың номинальді кернеуінің 380 В-тан, тұрақты токтың 440

В-тан жоғары болған кезде міндетті түрде болу керек;

- ҚР ҚНЖЕ 4.04.23-2004 құжатына сәйкес қауіпті және аса қауіпті жұмыстарда айналмалы токтың номинальді кернеуінің 42 – 380 В аралығында, тұрақты токтың 110 – 440 В аралығында болған кезде міндетті түрде болу керек.

Ауыр заттарды қозғалту кезіндегі қауіпсіздік. Жобаланған полиграфиялық кәсіпорында материалдарды жартылайфабрикаттарды және дайын өнімдерді тасымалдауға арналған түрлі цехтардың және цех ішінің тасымалдау құрылғылары бар. Рельссіз транспорттар (қол арбалар, электрокаралар, электротасымалдауыштар және т.б) еңбек жағдайының қауіпсіздігін қамтамасыз етуі қажет.

Бұл жобаланған баспаханада электрокаралар кең қолданыс тауып отыр. Олар электроқозғалтқыштар арқылы жүреді. Электрокаралар жұмыс істеуде де, басқаруда да өте қарапайым және өртке қауіпсіз, жағымсыз иіс пен газ бөлмейді, шуламайды. Көтергіш платформасы және жүк стеллажы бар электрокаралар жүк тасымалын жеңілдетеді және жылдамдатады. Электрокаралардың цех ішіндегі негізгі жолмен жүру жылдамдығы 5км/сағ.

## **2.2 Жұмыс орнындағы санитарлы-гигиеналық шаралар**

Қауіпсіздік техникасының ережелері мен нормалары ағзаны қатты қажудан және химиялық атмосфералық әсерінен қорғау мақсатын көздейді. Бұл ере-желер мен нормалар өндірістік пен тұрмыстық бөлмелерін сәулеттендіру, жұмыс орындарын жабдықтау және т.б.

Өндірістік бөлмелерінің микроклиматы

Өндірістік бөлменің метеорологиялық жағдайы немесе микроклиматы деп – адам ағзасына температуралардың үйлесімімен, ылғалдылықпен, ауа қозғалысының жылдамдығымен және қоршаған беттердің температурасымен әсер ететін, осы бөлмелердің ішкі ортасының климатын айтамыз.

Дене жұмыстарын шартты түрде үш топқа бөледі. Бұл топтаудың негізінде энергия шығынының объективті көрсеткіші ретінде және өлшеуге қол жетімдісі оттегіні тұтыну болып табылады. Жобаланатын кәсіпорында, өндірістік жұмыстар оттегіні тұтыну 0,7 л/мин болғанда, орташаға жатады.

Оңтайлы микроклиматтық жағдайлар – адамға ұзақ және жүйелі түрде әсер еткенде, ағзаның функционалды және жылулық күйі, термобақылаудың жұмысы қысымсыз қалыпты күйде сақталып тұратын параметрлердің үйлесімі [12].

## **2.3 Электрқауіпсіздік шаралар**

МЕСТ 12.1.038-89 құжаты негізінде 400 Гц-ге дейін жиілікте тұрақты және айнымалы токпен жұмыс істейтін электр қондырғыларының қорғаныс жерлену мен нулденуіне арналған, жәнде қорғаныс жерлену мен нулдену арқылы электр қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

### 3 Экономикалық бөлім

#### 3.1 Материалдар шығыны

Шығындар – кәсіпорында өнім өндіруге өткізуге жұмсалатын ақшалай қаржылар.

Айналым қаражатының басты элементі – шикізат, былайша айтқанда, материалдар. Материалдар екі топқа бөлінеді: негізгі және көмекші.

Кәсіпорынның негізгі материалға қажетті көлемін есептеу әдісі 3-кестеде келтірілген.

#### 3 Кесте – Негізгі материалдың құны есептеулері

| Көрсеткіштің аттары                                               | Белгіленуі | Есеп көрсеткіштері |
|-------------------------------------------------------------------|------------|--------------------|
| Материалдың аты                                                   |            | Болат              |
| Материалдың маркасы                                               |            | 15X                |
| Детальға жұмсалатын материалдың салмағы, кг Таза салмағы, кг      | Скм        | 2<br>1,2           |
| Бағдарламаға жұмсалатын материалдың көлемі, тонна                 |            | 40                 |
| 1 т. бағасы, мың тг.                                              |            | 200,0              |
